

115

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН  
БАСҚАРУ КОМИТЕТІ

«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
АЭРОФОТОГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ІЗДЕСТІРУ  
МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТЫ (АШАИМИ)»  
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
КӘСІПОРНЫ



МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ПО УПРАВЛЕНИЮ  
ЗЕМЕЛЬНЫМИ РЕСУРСАМИ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ  
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ  
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИНСТИТУТ  
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ  
АЭРОФОТОГЕОДЕЗИЧЕСКИХ ИЗЫСКАНИЙ  
(ГИСХАГИ)»

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

№ 23 қазан 2020 жыл  
Алматы қаласы

№ 225 - Ө  
город Алматы

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың жай-күйі үшін дербес жауапкершілік жүктеу туралы**

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 139-бабының 4 және 6-тармақтарына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстардың жай-күйі үшін дербес жауапкершілікті күшейту мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Кәсіпорынның жетекшілік ететін және олар басқаратын құрылымдық бөлімшелеріндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың жай-күйі үшін дербес жауапкершілік жүктелетін лауазымды адамдардың қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың жай-күйі үшін дербес жауапкершілік мыналар бойынша бекітілсін:

- қарамағындағы адамдардың шектеулер мен тыйымдарды, мүдделер қақтығысына жол бермеу немесе реттеу туралы талаптардың сақталуын, олардың заңнамада белгіленген міндеттерді орындауын қамтамасыз ету;

- мүдделер қақтығысының туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

- қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар жасау деректері туралы кәсіпорын директорына хабар беру;

- сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында оларға қандай да бір адамдардың жүгінуінің барлық жағдайлары туралы директорға, директордың жетекшілік ететін орынбасарына және тікелей басшыға хабар беру міндетін қарамағындағы адамдардың іске асыруын қамтамасыз ету;

- қарамағындағыларды құқықтық ағартуды ұйымдастыру, оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық актілермен уақтылы таныстыру;

- жетекшілік ететін және басшылық ететін құрылымдық бөлімшелермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар өткізу.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың орынбасары Н.Н. Салыбековке жүктелсін.

004209

Директор

Б. Мұхамедов

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың жай-күйі үшін дербес  
жауапкершілік жүктелетін лауазымды адамдардың  
Тізбесі**

1. Директордың орынбасарлары;
2. Бас бухгалтер;
3. Экономика, бюджеттік жоспарлау және мемлекеттік сатып алу  
басқармасының басшысы;
4. Өндірістік-техникалық басқарма басшысы;
5. Құқықтық қамсыздандыру бөлімінің басшысы;
6. Персоналмен жұмыс жүргізу және құжатайналым бөлімінің басшысы;
7. Мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімінің басшысы;
8. Техникалық бақылау бөлімінің басшысы.